

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)					
Топ/сынып	Мектепалды даярлық топ				
Балалардың жасы	5 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні					
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	Қаңтар айы 4-апта 20.01-24..01. 2025ж				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
	20.01.2025ж	21.01.2025ж	22.01. 2025ж	23.01.2025ж	24.01.2025ж
Күн тәртібі	Біртұтас тәрбие Қаңтар айы «Заң және тәртіп» « Апта дәйексөздері»- «Әділ заң - аспан тірегі»				
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату ҚР әнұранын орындау «Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	. Ата-анаға кеңес: Ата-аналармен әңгіме:Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Омпы Мақсаты: Шеберлікке, мергендікке, батылдыққа, шешімдікке, ырымға ырысқа-тәрбиелейді. Шарты: Ойын тегіс алаңда, жазық жерде, тіпті үлкен бөлме ішінде де ойнала береді. Ойыншы саны неғұрлым көп болса, ойын соғұрлым қызықты өтеді . Мақсат – көп асық ұтып алу. Ойнаушылар	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Атбақыл Мақсаты: Ұлттық ойынға деген қызығушылықтарын арттыру, ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Шарты: Ойынға екі-екі бала қатысады да қалған балалар көтерушілер болады. Белгі соққан жерден біреуі қолындағы асығын не болмаса томпайын (сиырдың асығын томпай д.а) алысқа іріп тастайды.Екінші ойыншы	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Көтермек Мақсаты: Балалардың ойын , күшін дамыту. Қазақтардың салт-дәстүрі мен ұлттық ойындары арқылы балаларға тәрбие беру. Шарты: Балалар шеңберге тұрады. Өз ерігімен сайысам дегендер екі бала ортаға шығады, бір-біріне құрамалар бойынша қарама-қарсы тұрады және қарсыласты өзінің арқасына көтеріп алуға тырысады.	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Арқан тартыс Мақсаты: Қазақтың ұлттық ойындарын жүргізу, арқан тартыс ойыны арқылы балалардың қазақтың салт-дәстүрін, әдет- ғұрпын, туған елге, жерге, өз отанына деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру. Шарты: Ойынға ұзындығы 10 метрдей жуан кендір арқан керек. Ол арқанның тең ортасынан орамалмен орап белгі	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Тақия тастамақ Мақсаты: Балаларды жалықтырмай ойын ережесін сақтап , жылдамдыққа , шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа баулу. Сөздік қорларын молайту. Шарты: Ойын кезінде ойын ережелерін бұзбау. Тақия тасталғанда көзді жұмып отыру керек, қарауға болмайды. Итеруге, күш көрсетулерге жол

	арасы 20 қадам екі көмбе сызады да көмбенің тең ортасына сызық бойына әрқайсысы екі асықтан тігеді. Тігілген асықтардың тап ортасына бір асықты омпысынан тұрғызады. Балалар кезек- кезек сақаларымен он қадам жердегі омпыны атып түсіріп, асық ұтып алуға кіріседі. Егер атушы омпыға бірден тигізсе, онда тігілген бар асықты сол алады, ал омпыға тигізе алмай, тұрған асықтардың біреуіне тигізсе, сол асықты ғана алады. Асық жаңартыла тігіліп, ойын жалғаса береді.	қолындағы асығымен немесе томпайымен оны атады. Егерде ол тигізсе бірінші бала оны сақасы түскен жерге дейін арқалап барады. Егер тимесе бірінші бала атады, осылайша ойын жалғасады		жасайды, белгінің екі жағынан бір жарым-екі метрдей жерден тағы да жоғарыдағы тәртіпшен белгілейді. Ойынға қатынасушылар тең екі топқа бөлінеді. Олардың саны 10—12 адам болуы мүмкін, ойыншылар бойларына қарай қатар түзеп тұрады .	берілмейді. Ал, егер бала орнына тұрмай ұсталса немесе тақияны өзінде екенін сезбеген жағдайда, айыбы ретінде өз өнерін көрсетеді.
	Мақсаты: балалардың өмірге деген көз қарасын қалыптастырып , еңбекқорлыққа , тапқырлыққа, батылдыққа тәрбиелеу				
Таңертенгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 15	Таңғы жаттығу кешені № 16	Таңғы жаттығу кешені № 17	Таңғы жаттығу кешені № 18	Таңғы жаттығу кешені № 19
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Менің Қазақстаным ҚР гимні «Күй күмбірі» Ақсақ құлан» күйі Мақсаты: Түрліше сипаттағы музыканы сүйсіне тыңдап, тани білуге ынтасын арттыру, 	«Үнемді тұтыну»- Мақсаты: Оқушылардың үнем туралы түсініктерін кеңейту, Ой - өрістерін, тілдік қорын дамыту, Үнемдей білуге ұқыптылыққа тәрбиелеу  Табиғи ресурстарға ұқыпты қарау — бұл біздің баламыздың болашағына деген қамқорлығымыздың	Дойын«Бұл қай кезде болады» Мақсаты: Баланың жыл мезгілдері жайлы білімдерін тиянақтау пысықтау тиісті белгілерін атату, тілдерін жетілдіру, танымдылықтарын, ұстамдылықтарын дамыту. Қажетті құралдар: Жыл мезгілдеріне байланысты 3-4 сурет	Д/ойын:« Өз жұбыңды тап» Мақсаты: Санды көру, есту және қимыл арқылы қабылдау қабілеттерін пысықтау. Қажетті құралдар: Цифрлар бала санына	Д/ойын:«Қателесіп қалма?». Мақсаты: Жылдам ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың күннің әр түрлі мезгілінде не істейтін туралы біліктерін нығайту. Қажетті құралдар: текше

		белгісі. Балаларымызды үнемшіл болуға тәрбиелеп, оларды табиғатқа жауапкершілікпен қарауға үйрету арқылы біз жарқын әрі тұрақты болашақ қалыптастыруға өз үлесімізді қосамыз. Табиғат — біздің үйіміз!			
Білім беру ұйымының кестесі бойынша Ұйымдастырылған іс-әрекеті.	Математика негіздері Міндеті: Заттар тобын салыстыру және санау - топтарда заттардың тең және тең емес санын анықтауға, санау және топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс қорытындылау; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауға үйрету; 10- ға дейін санауды; заттарды белгілі бір ерекшелігіне қарай топтастыруды бекіту; -есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Қазақ тілі Міндеті Ұлттық ыдыстар - қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту; -жаңылтпашты жатқа	Сауат ашу негіздері Міндеті: Біз нені үйрендік,нені білдік? -сөздерді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру.; -сөздегі жетіспейтін буынды аяқтауға, берілген дыбысқа сөздерді жылдам құрауға жаттықтыру; -дербес жұмыс істеу алуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу. 4 (Шығармашылық іс-әрекеттер) Мүсіндеу Міндеті: Тостаған. -ұлттық ыдыстардың ерекшеліктеріне назар аудары отырып, оны мүсіндеудің әдіс-тәсілдерімен таныстыру; -ойын арқылы балалардың қимыл- қозғалыстарын, көркемдік талғамдарын дамыту; -балаларды ауызбірлікке,ұлттық дәстүрлерді құрметтеуге тәрбиелеу. Музыка Міндеті: Бесік жыры. -лирикалық вальс ырғағындағы байсалды	Математика негіздері Міндеті: Заттар тобын салыстыру және санау -топтарда заттардың тең және тең емес санын анықтауға, санау және топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс қорытындылау; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауға үйрету; 10- ға дейін санауды; заттарды белгілі бір ерекшелігіне қарай топтастыруды бекіту; -есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Сауат ашу негіздері Міндеті: Дыбыстық талдау - сөздерге дыбыстық талдау жасату үйрету; -суреттер қандай дыбыстан басталатынын ауызша анықтауға үйрету, белгілермен қоршау, жасалу жолдарын естеріне түсіру дағдыларын бекіту; -дұрыс отыру, дұрыс жазу ережелерін таныстыра отырып, дене сымбатын дұрыс қалыптастыруға тәрбиелеу.	Математика негіздері Міндеті: Заттың бірнеше тең бөліктері -затты бірнеше тең бөлікке бөлуге үйрету, осы бөліктерді атауға, бүтін мен бөліктерді салыстыру; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету; бүтіннің тең бөліктерінің атауларымен таныстыру: «жарты», «төрттен бір бөлік», «үштен бір бөлік»; -есте сақтау, зейінді, ойлауды, сөйлеу дағдысын дамыту. Сөйлеуді дамыту Міндеті: Менің анам. -ана туралы өз ойларын айтқызу; -ойлау қабілеті мен тілдерін дамыту; -ананы сыйлап, аялай білуге тәрбиелеу. Музыка Міндеті: Ақ әжем. - музыкалық	Сауат ашу негіздері Міндеті: Дыбыстық талдау - сөздерге дыбыстық талдау жасату үйрету; -суреттер қандай дыбыстан басталатынын ауызша анықтауға үйрету, белгілермен қоршау, жасалу жолдарын естеріне түсіру дағдыларын бекіту; -дұрыс отыру, дұрыс жазу ережелерін таныстыра отырып, дене сымбатын дұрыс қалыптастыруға тәрбиелеу. Дене шынықтыру Міндеті Ұлы есімдер. - балаларға қапшықты иық тұсынан лақтыру жаттығуларымен таныстыру.Бір қатарға қойылған ағаштардың арасымен аяқтың ұшымен, өкшемен алма-кезек секіруге, жетекшінің белгісі бойынша бұрылуға, жүруге жаттықтыру.Еліміздегі

	және жылдам айта білуге үйрету; -қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.Қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру. Дене шынықтыру Міндеті Жігіттер сайысы. - балаларға дене қимыл жаттығуларды арқылы жаттығуларды дұрыс жасауға дағдыландыру. Жүгіру және секіру ойын – жаттығуларын дамыту. Сөйлеуді дамыту. Міндеті Мамандықтың бәрі жақсы. - мамандықтар жайлы әңгіме жүргізу арқылы сөздік қорларын толықтыру.; -ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту; -мамандық иелерін құрметтеуге тәрбиелеу.	әуендерді қабылдап, пьесаның билеуге икемді сипатын сезініп, қарқындық өзгерісін белгілеу, фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен айту; -бесік жыры арқылы балаларды имандылыққа тәрбиелеу. Қоршаған ортамен таныстыру Міндеті: Әтеш қай кезде шақырады? -үй құстарының атауларын білу және оларды бірбірінен ажырата білу қабілеттерін нығайту; -тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмыстарға деген қызығушылықтарын, бакылау нәтижелерін талдау, салыстыру және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту; -табиғатқа қайырымды болуға, эмоционалдық, эстетикалық және этикалық сезімдерін қалыптастыру.	Дене шынықтыру Міндеті: Ұлы есімдер. -балаларға қапшықты иық тұсынан лақтыру жаттығуларымен таныстыру.Бір қатарға қойылған ағаштардың арасымен аяқтың ұшымен, өкшемен алма-кезек секіруге, жетекшінің белгісі бойынша бұрылуға, жүруге жаттықтыру.Еліміздегі атақты спортшылардың еңбегін құрметті білуге тәрбиелеу. Көркем әдебиет . Міндеті: Әже(өлеңді жаттау) Әбубәкір Қайранов - өлең мазмұнын эмоциялық-бейнелі қабылдау, баяндау сипатын сезінуге баулу; -өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету; -өлең мазмұнындағы бейнелеуіш сөздерді қолдану, өзара сыйластық қарым-қатынас дағдыларын дамыту.	дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру, шығарманы сипаттай білу; -жеңіл әуендерді ансамбльмен, балаларға арналған музыкалық аспаптарда,фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнау; -үлкенге ілтипат, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу. Қазақ тілі Міндеті: Ыдыс- аяқ дүкені - қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді сөз тіркесімен айтуға дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту; -диалог құрып сөйлеуге дағдыландыру; қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтып, анықтай білуге жаттықтыру.	атақты спортшылардың еңбегін құрметті білуге тәрбиелеу. Көркем әдебиет Міндеті Әже(өлеңді жаттау) Әбубәкір Қайранов - өлең мазмұнын эмоциялық-бейнелі қабылдау, баяндау сипатын сезінуге баулу; -өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету; -өлең мазмұнындағы бейнелеуіш сөздерді қолдану, өзара сыйластық қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Қоршаған ортамен Таныстыру Міндеті:. Асыранды үй жануарларын қалай күтіп-баптаймыз? - балалардың үйде асырайтын жануарлар туралы түсініктерін кеңейту; -олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайлар туралы түсініктерін нығайту; -балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру. Табиғатпен адамгершілік қарымқатынаста болуға үйрету. +
--	---	---	---	---	---

Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтенкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес іс-әрекет)				
Серуен	Бақылау: Бұлтты бақылау. Мақсаты: Қыста аспанды сұрғылт бұлт басады, бұлттың салдарынан қар жауады т.б. түсіндіру. Зәулімде тұрағы Тіреусіз тұрады.(Бұлт). Еңбек: Көшедегі қар жинаушы машиналардың жұмысын бақылау.Мақсаты: Қар тазалаушы машиналардың адам үшін пайдасының зор екендігін айту.Еңбекті дәріптей білуге үйрету.	Бақылау: Мұзды бақылау. Мақсаты: Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру. Еңбек: Тайғанақ жерге құм себу. Мақсаты: Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға баулу. Өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауларын қадағалау. Жеке жұмыс: Жаңа жыл туралы тақпақ жаттату. Жаңа жыл, жаңа жыл, Жаңа жылда-жаңа нұр. Жасыл шырша жанында Жадырап бар бала жүр. Мақсаты: Еске сақтау қабілетін дамыту, сөздерді қатесіз дұрыс айтуға үйрету. Ойын: «Тышқан мен мысық». Мақсаты: Шапшандыққа, жылдам шешім қабылдауға үйрету.	Бақылау: Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. Еңбек: «Таза алаң». Мақсаты: Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. Ойын: «Қасқыр мен қаздар». Мақсаты: Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. Қимылдық ойын: «Тымпи-тымпи».	Бақылау: Мұздақты бақылау. Мақсаты: Мұздақтың пайда болу жолын түсіндіру, мұздақтан абай болып жүруге үйрету. Еңбек: Ағаш түптеріне қар ую. Мақсаты: Еңбекқорлыққа үйрету. Жалқаулықтан аулақ болуға шақыру. Жеке жұмыс: Жұмбақ жаттату“ Отқа жанбас, Суға батпас” (мұз) Мақсаты: Мұз туралы түсінік беру. Жұмбақ жаттату арқылы сөздік қорын молату. Есте сақтау қабілетін дамыту. Қимылдық ойын: «Қазан». Мақсаты: Бірлесіп ойнауға шақыру. Балалардың көңілдерін көтеру.	Бақылау: Күнді бақылау. Мақсаты: Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру. Еңбек: «Қыс қызығы». Мақсаты: Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (Күн) Мақсаты: Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып, тіл байлықтарын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру. Қимылдық ойын: «Айгөлек». Мақсаты: Денені шынықтыру, шапшандыққа, ептілікке баулу.
Серуеннен оралу	Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру. Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту. Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Дидактикалық ойын «Қандай пішін жетіспейді?» Мақсаты: Геометриялық пішіндерді атайды.Қай пішін жетіспейтінін табады.	:Дидактикалық ойын: «Сыйқырлы қапшық» Мақсаты: Заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстырады, топтастырады.	Дидактикалық ойын: «Апта күндері» Мақсаты: Апта күндерін естерінде сақтайды. Апта күндерін рет-ретімен айта алады.	:Сюжеттік рөлдік ойын: «Шаштараз» Мақсаты:Балалар рольдерге бөлінеді, өздері алған рольдерін сомдайды.	:Балалармен Әңгімелесу: «Туған ауыл туралы»

Балалармен жеке жұмыс	«Таныс тақпақтарды айту» Мақсаты:Дауысты және дауыссыз дыбыстарды анық айтуды,қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолдануды үйрету.	«Сырғанаймыз бәріміз» қимылды ойын Мақсаты:Биік емес төбешіктен сырғанауды,салауатты өмір салты туралы ұғымдарды түсіндіруді үйрету.	«Пішіндерді топтастыр» д\о Мақсаты: Бір затты топтан бөлуді және топтарға біріктіре алуға үйрету.	«Мысық»мүсіндеу Мақсаты: Мүсіндеуді әртүрлі тәсілдерін пайдалануды;ермексаздың кейбір қасиеттерін білуді үйрету. <i>(шығармашылық дағдылар)</i>	«Менің мамандығым»әңгіме Мақсаты:Әртүрлі мамандықтардың еңбектерінің мазмұнын, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалауға үйрету..
Серуенге дайындық	. Өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру				
Серуен	Көкшымшықты бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балалардың көкшымшықтың пайда болуы, оның әдеттері, тіршілік ету ортасы туралы түсініктерін кеңейту; қыстайтын құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу	Шыршаларды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Шыршаның құрылымы туралы білімдерін толықтыру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ұжыммен қар тазалау). (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Ағаш күрекшені қолдану қабілетін жетілдіру.	Қыстайтын құстарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Қыстайтын құстар туралы түсініктерін кеңейту; оларға деген сүйіспеншілік пен қамқорлыққа тәрбиелеу. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ағаштың айналасындағы қарды тазалау) Мақсат-міндеттер. Жұмыс істеуге дағдыландыру, ересектерге көмектесу.	Сауысқанды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Қоршаған әлемге қызығушылықты ояту; құстарға деген қамқорлыққа тәрбиелеу. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құстарды нан үгіндісімен қоректендіру). (еңбек іс-әрекеті)	Қайың мен шетенді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: табиғатқа деген құрмет сезімін тәрбиелеу. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құрылысқа қар жинау). (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Тапсырманы бірлесіп жүзеге асыра отырып, жұмыс істеуге үйрету.

Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Өнегелі 15 минут Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз	Өнегелі 15 минут Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	Өнегелі 15 минут - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	Өнегелі 15 минут 	Өнегелі 15 минут 
---	---	--	--	--	--

Тексерілген күні: _____

Циклограмманы тексерген әдіскер: _____